ЖКП. 06	<p>Стандарттау негіздері, шақтамалар, қондырмалар және техникалық өлшемдері Стандарттау негіздері, өнімнің сапа көрсеткіштері. Өзара алмасу туралы негізгі мағлұматтар. Шақтамалар және қондырмалар туралы негізгі түсініктер мен анықтамалар. Жазық цилиндрлі қосылыстардың шақтамалары мен қондырмалары. Домалақ тісті, және бұрамды берілістердің мойын тіректерінің шақтамалары мен қондырмалары. Кесу шақтамалары, бұрыштық өлшемдер және қонустық қосылыстар. Бөлшек формаларының дәлдігі. Беттің кедір бүдірлігі. Техникалық өлшемдер. Үзіндіктің соңғы өлшемдері. Штрихті аспаптар. Тетікті-механикалық және тетікті-оптикалық аспаптар.</p>	<p>Білімдер: кәсіптік саладағы стандарттаудың мақсаттарын, міндеттерін, принциптерін және атқаратын қызметтерін, өнімнің сапа бағасы көрсеткіштерін, өндірістегі өлшеу құрылдары және бақылаудың әдістерін; шақтамалар және қондырмалар жүйесін; түрлердің ауысуын және беттерге орналасуын; беттердің кедір бүдірлігін; домалақты мойынтіріктердің шақтамаларын және қондырмаларын; бұрыштық өлшемдердің шақтамаларын және қонустық қосылыстарды; бұрандалы, кілтекті және оймакілтекті қосылыстар, тісті және бұрамдық берілістерді; штангенаспаптардың және микрометриялық аспаптардың құрылымын білу. Іскерліктер: стандарттарды қолдануды; берілістерді таңдай алуды, шақтамаларды қолдануды; өлшегіш құралдарын және аспаптарды дурыс пайдалана алуды.</p>	<p>КҚ 3.4.2 КҚ 3.4.5</p>
	<p>Кесу мен өңдеу, метал кесу құралдары және білдектер</p>	<p>Білімдер: металкескіш станоктарды жіктеуді; кесу аспабын,</p>	

ЖКП. 07	<p>Металдарды кесу туралы негізгі түсініктер. Кескіш аспап және кесу тәртібі. Станоктардың негізгі түйіндері. Металкескіш станоктар туралы негізгі мағлұматтар. Жоңғыш топтары бұрғылау, кеулейжону, тіскесу, бұранда жону станоктарында өндеу. Металдарды сүргілеу және соққылау станоктарында өндеу. Металдарды ажарлау – ысқылау топтары станоктарында өндеу. Бағдарламалы басқару станоктарында өндеу.</p>	<p>металкескіш станоктардың үлгідегі тетіктері мен механизмдерін; металкескіш станоктардың негізгі түрлерінің құрылысын және жұмыс принциптерін. Іскерліктер: металкескіш станоктардың кинематикалық сызба – нұсқасын оқуды, станок түрін тандауды, кескіш аспапты, кесу тәртібін және тетікті өндеуге кететін уақытты анықтауды.</p>	КҚ 3.4.2
ЖКП. 08	<p>Жылу техника негіздері және жылу техникалық жабдығы Термодинамика, термодинамикалық процестер негіздері. Жылу күші қондырғылары. Жылу алмасу және жылу беру түрлері. Отынның жану процесі негіздері, жану процесі балансын құру. Жылуалмасу аспаптарын жіктеу. Жылуалмасудың жұмыс принципі мен қолданылуы. Кептірудің теориялық негіздері. Булану және кептіру қондырғыларының түрлері, қолданылуы және жұмыс принциптері . Күйдірудің теориялық негіздері. Материалдарды күйдіру үшін пештер. Қыш жартылай өнімдерін күйдіру үшін пештер. Жылу техникалық жабдықтардың жылу есептеу негіздері. Жылу техникалық жабдықтарды пайдалану.</p>	<p>Білімдер: термодинамика заңдарын, жылуалмасу түрлерін; құрылыс материалдары өндірісінің негізгі жылу техникалық жабдықтарын; оны пайдалану әдістерін. Іскерліктер: жану процесінің есептеулерін орындауды және балансын құруды; жылу техникалық жабдықтардың жылу есебін жүргізуді.</p>	КҚ 3.4.1 КҚ 3.4.3

	<p>Отын–энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалану әдістері.</p>		
<p>ЖКП. 09</p>	<p>Гидравликалық және пневматикалық жетіктер Гидравлика негіздері. Гидростатика және гидродинамика негіздері. Гидравликалық машиналар және сорғы қондырғылары. Гидравликалық құбырлар және гидрожетек. Пневможетектер туралы негізгі түсініктер. Пневможетектер және аспаптар. Пневможетектің жіктелуі, қолданысы жұмыс принциптері және пайдалану аймақтары. Пневможетіктердің принциптік сызба-нұсқасы.</p>	<p>Білімдер: гидростатика және гидродинамиканың негізгі басқармасын, сұйықтықтар қозғалысының тәртібін, сұйықтықтың саңылаулардан ағып кету түсінігін және гидросоккыны, сору биіктігі түсінігін; беріс кестесін және индикатор диаграммасын; гидравликалық жетекті және гидроберіліс түсінігін; гидравликалық машиналардың әрекет принципі мен сипаттамасын, олардың қолданылуын, компрессордың жұмыс принципін, пневможетектердің түрлерін және олардың сызба-нұсқасын. Іскерліктер: сұйықтық қозғалысынан тәртібі бойынша есептеулер жүргізуді; жүйенің кедергі жиынтығын анықтауды; индикатор диаграммасын пайдалануды және сору биіктігін анықтауды; сорғы және компрессорлар жұмысының күшін анықтауды.</p>	<p>КҚ 3.4.1</p>
	<p>Құрылыс материалдарының жалпы технологиясы Құрылыс материалдарының негізгі қасиеті. Табиғи тас материалдар: тау жыныстарын жіктеу, изверженные, шөгінділі және метаморфиялық тау жыныстары. Қыш өндірісі. Шикізат материалдары. Қыш</p>		

ЖКП. 10	<p>бұйымдары өндірісінің жалпы технологиялық сызбасы. Фимараттардың фасадтарын қаптауда, ішкі қаптаулар үшін, шатыр төбелері, санитарлы-техникалық керамика, отқа төзімді материалдар және т.б. Құрылыс материалдары және шыныдан жасалған бұйымдар: шикізат, негізгі технологиялық операциялар мен жабдықтар. Материалдар және шыны балқымаларынан бұйымдар. Минералды тұтқыр заттар. Гидравликалық тұтқыр заттар. Цементтердің түрлері. Портландцемент өндірісі. Бетондар мен құрылыс ерітінділері. Гипсті және гипсбетонды заттар. Полимерлер, полимерлі тұмшалауыштар негізіндегі құрылыс материалдары мен бұйымдар. Жылуоқшаулағыш және акустикалық материалдар мен бұйымдар: жіктелуі, қасиеті. Өндірістің негізгі технологиялық процестері.</p>	<p>Білімдер: құрылыс материалдарының жіктелуін, физика-химиялық және технологиялық қасиеттерін, оларды қолдану саласын; құрылыс материалдарының шикізатын, үлгілік технологиялық сызбасын және жабдықтарын; технологиялық операциялардың мәнін. Іскерліктер: құрылыс материалдары өндірісінің принциптік технологиялық сызбаларын оқуды, шикізат пен дайын өнімге сипаттама беруді.</p>	КҚ 3.4.3
ЖКП. 11	<p>Жүк көтеру және тасымалдау құрылғылары Жүк көтеру машиналарының элементтері. Жүк көтеру машинасының құрылысы және жұмыс принциптері. Үздіксіз тасымалдау машиналары. Жүктерді жүйелі әперу үшін тасымалдаушы машиналар. Пневматикалық және гидравликалық көлік.</p>	<p>Білімдер: жүккөтеруші және тасымалдау машиналарының құрылысын, құрылымын және жұмыс принципін; жүккөтеру машиналарының құрылым элементтерін; көтеру-тасымалдау машиналарының негізгі есептеулерін. Іскерліктер: жүккөтеру тасымалдау машиналарының кинематикалық сызба-нұсқасын оқуды; жүккөтеру және</p>	КҚ 3.4.1

	Тиеу-жүк түсіру машиналары. Беріктікке есептеулер.	тасымалдау машиналарының негізгі есептеулерін жүргізуді.	
ЖКП. 12	Қолданбалы информатика Файлдармен жұмыс. Графика. Жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша міндеттерді шешу үшін, курстық жұмыстарды орындау және дипломдық жобалау үшін бағдарламаны қолдану.	Білімдер: технологиялық есептер шығару үшін қолданбалы бағдарламамен қамтамасыз етуді, сызбалар мен сызба-нұсқаларды құруды. Іскерліктер: үлгідегі технологиялық және техникалық есептеулерді жүргізуді, компьютерде сызбаларды жасауды.	БҚ 3 КҚ 3.4.4 КҚ 3.4.8
ЖКП. 13	Менеджмент негіздері Өртүрлі ұйымдық – құқықтық формалардағы ұйымдар мен басқарудың мақсаты және міндеттері. Менеджмент негіздерінің қызметі. Ішкі және сыртқы ұйым ортасы. Еңбектің мотивация жүйесі. Іскерлік араласу этикасы. Менеджмент негіздерінің психологиясы.	Білімдер: ұжымдағы іскерлік қатынастардың принциптерін, ұжымдағы жұмысты ұйымдастыру негіздерін, атқарушыларды, кәсіпшілік қызметтер саласындағы менеджмент негіздерінің ерекшеліктерін. Іскерліктер: ұжымда іскерлік және тұлға аралық қатынастарға баға беруде.	БҚ 4 БҚ 5 БҚ 10 КҚ 3.4.6
АП. 00	Арнайы пәндер		
	Еңбекті қорғау және өнеркәсіп экологиясының негіздері Еңбекті қорғау бойынша ҚР негізгі заңдылықтары. Қауіпсіздік техникасы бойынша қызметкермен жұмысты ұйымдастыру. Қызметкердің құқығы мен міндеттері. Жазатайым жағдайларды талдау. Өндіріс алаңдары мен жұмыс орындарындағы, жабдықтарға, аспаптарға, еңбек қауіпсіздігі бойынша талаптар. Адамға зиянды факторлардың әсері.	Білімдер: еңбек қауіпсіздігі бойынша нормативті-техникалық құжаттамаларды, өндірістік санитария мен өрт қауіпсіздігін; уландырғыш заттардың адам ағзасына әсерін және қасиетін, химиялық заттардың шекті мүмкіндік концентрациясын, зиянды өндірістік факторлардың ШРД; жеке қорғану құралдарын, оларды таратудың шарттары мен тәртібін; электрқондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шараларын; технологиялық жабдықтарға жөндеу	

<p>АП. 01</p>	<p>Қауіпті техникалық жүйелер мен технологиялық процестерден қорғану әдістері мен тәсілдері. Кәсіби қызметте қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етудің ерекшеліктері. ҚР экологиялық кодексі. Атмосферадағы қалдықтарды тазарту туралы негізгі мағлұматтар. Шаң-тозаң тұту жабдықтарын жіктеу. Техникалық сипаттамасы, жұмыс принципі және қолдану аймағы. Ақаба суларды тазарту туралы жалпы мағлұматтар. Ақаба суларды жіктеу. Шудан қорғану және оны азайту бойынша шаралар. Өндіріс қалдықтарын қайта пайдалану туралы түсінік. Экологиялық қауіпсіз технологияларды құрудың жалпы бағыттары. Кәсіпорында табиғатты қорғау қызметін ұйымдастыру.</p>	<p>жұмыстарын жүргізу мен пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптарын; өрт қауіпсіздігі ережелерін; ҚР табиғатты қорғаудың негізгі құжаттарын; өндірістік экологияның негіздерін. Іскерліктер: жеке қорғану құралдарын қолдануда; зардап шеккен адамға алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуде; ЕҚСЖ талдауда, учаскелерде ҚТ бойынша нұсқауларды жүргізу жұмысын ұйымдастыруда; қауіпсіздік жұмыстары, жарақатты ескерту бойынша техникалық шаралар жүргізу мен ұйымдастыруда; жұмыс орындарындағы зиянды өндірістік факторлардың деңгейін бақылауды жүргізуде; жабдықтарды пайдалану мен жөндеу жұмыстарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік талаптарын орындауда; өрт сөндіру құралдарын пайдалануда; нормативті-техникалық құжаттармен жұмыс істеуде.</p>	<p>БҚ 8 БҚ 9 КҚ 3.4.6</p>
	<p>Химиялық өндірістің технологиялық процестерін автоматтандыру негіздері Өлшеу және бақылау құралдары техникасының негіздері. Технологиялық</p>	<p>Білімдер: метрология саласындағы стандарттарды; температураны, қысымды өлшеу аспаптарын; сейілтуді, шығынды, ылғалдылық деңгейінің санын; механикалық параметрлерді, қолданысын; әр түрлі түрдегі өлшегіш түрленгіштерді; қашықтықтан беріліс жүйесінің қызмет принципін; АЖ қолданысын, АЖ үлгілік элементерлы буындарын; автоматты реттегіштер мен орындаушы</p>	

<p>АП. 02</p>	<p>процестерді реттеудің негіздері. Технологиялық простерді басқарудағы есептеу техникасы. Технологиялық процестерді басқарудың автоматты жүйелері (ТПБАЖ). Қыш өндірісінің процестерін автоматтандыру</p>	<p>механизмдердің қолданысын және ерекшеліктерін; ТПБАЖ құрылымы мен құрамын; ТПБАЖ-да бақылау және реттеу жүйелерінің қолданысын. Іскерліктер: өлшеу құралдарын жіктеуде; температураны, қысымды және сейілу мен деңгейді, ылғалдылықты, құрамды және механикалық параметрлерді өлшеу үшін аспаптарды пайдалануда; бақылағыш параметр бойынша өлшегіш түрлендіргіш түрлерін анықтауда; өндірісті автоматтандырудың функционалды сызбасын оқуда.</p>	<p>КҚ 3.4.3</p>
<p>АП. 03</p>	<p>Электржабдықтар Электржетек теориясы негіздері. Электрожетек механикасы. Электрқозғалтқыш қуатының есебі. Басқару аппаратурасы және электржетек қорғаныстары. Автоматты басқару және қорғау әдістері. Қыш өндірісі кәсіпорындарының электржабдықтары. Жалпы өндірістік механизмдердің электржабдықтары. Көлік-көтеру машинасы мен механизмдердің электржабдықтары. Сорғылардың, компрессорлардың және желдеткіш қондырғыларының электржабдықтары. Ағынды-тасымалдау</p>	<p>Білімдер: электржетек түрлерін; химиялық өндірісте қолданылатын қозғалтқыштардың құрылымдық ерекшеліктерін; қосудың негізгі сызбаларын және жұмыс тәртібін; электрқозғалтқыштардың электрмеханикалық сипаттамасын; электржабдықтау жүйелерін және оларға қойылатын талаптарды; сұйықтықтар мен газдарды беру үшін машиналарда болатын процестердің физикалық негіздерін; сорғылардың, компрессорлар мен желдеткіштердің электр жетектерін басқарудың үлгілік электрлік сызбаларын; химиялық өндірістің негізгі технологиялық агрегаттарының электржетектерін. Іскерліктер: сорғылы, компрессорлық және желдеткішті құрылғылар</p>	

	<p>жүйесінің электржабдықтары. Химия өндірісінің негізгі механизмдерінің электржабдықтары. Бұрамдық машина электржабдықтары. Білік машинасының электржабдықтары.</p>	<p>үшін сәйкес электржабдықтарды каталог бойынша таңдауда; осы құрылғылармен басқарудың электрлік сызбаларын құруда; механизмнің электржетегін таңдау бойынша жай есептеулер орындауда; білік машиналары үшін электржабдықтар таңдауда.</p>	<p>КҚ 3.4.1 КҚ 3.4.8</p>
АП. 04	<p>Құрылыс қыш өндірісі бойынша кәсіпорынның механикалық жабдығы Балшықты карьераларды өңдеу жабдықтары. Шикізат материалдарын ұсақтау және үгу үшін жабдықтар. Балшық материалдарын кептіру мен үгінділеу жабдықтары. Жіктеу мен айыру үшін жабдықтар. Шикізат қоспаларын гомогендеу үшін машиналар мен аппараттар. Қалыптау мен нығыздау үшін жабдықтар. Қыш бұйымдарын кептіру жабдықтары. Қыш бұйымдарын күйдіру жабдықтары.</p>	<p>Білімдер: шикізат материалдарын тасымалдау, сақтау, ұсақтау және үгу процестерінің негізгі және қосымша жабдықтарының тағайындалуын, құрылысын және қызмет принципін; қалыптау массаларын және жартылай өнімдерді дайындау, жартылай өнімдерді кептіру мен күйдіру жабдықтарын; қыш өндірісі үшін негізгі жабдықты есептеудің әдісін. Іскерліктер: шикізатты дайындау мен қайта өңдеу технологиялық процестерінің негізгі және қосымша жабдықтарының кинематикалық сызбасын оқуды; қыш өндірісі үшін жабдықтардың тетіктері мен түйіндерінің негізгі жобалық және тексеру есептеулерін орындауды.</p>	<p>КҚ 3.4.1 КҚ 3.4.3 КҚ 3.4.8</p>
		<p>Білімдер: жабдықтарға жөндеу жұмыстарын ұйымдастыруды; жабдықтардың беріктігін; механикалық жабдықтарды пайдалану туралы жалпы түсінікті және ережені; жабдықтардың тиімді жұмысын бағалауды</p>	

<p>АП. 05</p>	<p>Құрылыс қыш өндірісі жабдықтарын пайдалану, жөндеу және құрастыру Машина беріктігі және теротехнология. Жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеуді ұйымдастыру мен жүргізу. Жабдықтар тетіктерінің жоғарғы тозу тұрақтылығы әдістері. Құрылыс қыш өндірісі үшін жабдықтарды пайдалану. Жабдықтардың тетіктері мен түйіндерін жөндеу. Жабдықтарды майлау. Шаңтүту үшін жабдықтарды пайдалану және жөндеу. Құрылыс қыш өндірісі үшін жабдықтары монтаждау.</p>	<p>және белгілеуін; механикалық жабдықтардың тетіктері мен түйіндерін жөндеудің негізгі жұмыстарын; құрылыс қыш өндірісі жабдықтарын реттеуді және жинауды; жабдықтарды пайдалану кезінде қолданылатын майлау материалдарын және майлау жүйесін. Іскерліктер: жабдықтар тетіктерінің тозу сатысын анықтауды; жабдықтардың жұмыс істемеу себептерін; техникалық диагностика жүргізуді; тұтқыр және сусымалы материалдар өндірісі үшін жабдықтардың монтажы мен жөндеу алгоритмін құруды; жөндеу жұмысының құжаттамаларын рәсімдеуді.</p> <p>КҚ 3.4.1 КҚ 3.4.2 КҚ 3.4.5 КҚ 3.4.7</p>
<p>АП. 06</p>	<p>Өндірісті жоспарлау мен ұйымдастыру Кәсіпорынды ұйымдастыру түрлері, олардың ұйымдастырушылық және өндірістік құрылымдары. Өндіріс түрлері; олардың сипаттамасы. Негізгі өндірістік және технологиялық процестер. Негізгі және айналмалы қаражаты. Еңбек ресурстары. Ұйымдастыру, нормалау және еңбек төлемақы. Өнімнің өзіндікқұны. Бағаның құрылуы. Ұйымның тиімді қызметін бағалау. Өнімнің сапасы мен бәсікегеқабiлеттiлiгi.</p>	<p>Бiлiмдер: кәсіпорынның жұмысын және құрылымын, қызметтегі өндіріс жағдайындағы кәсіпорын учаскесінде аралас мамандықтардың жұмысын ұйымдастыруды; еңбекті ұйымдастыруды; өнімге бағаның құрылу механизмін және қазіргі жағдайдағы еңбек төлемақы түрлерін. Іскерліктер: Ұйым қызметінің негізгі техника-экономикалық көрсеткіштерін белгіленген әдіспен есептеуде.</p> <p>БҚ 6 КҚ 3.4.7</p>
<p>ӨО және КП</p>	<p>Өндірістік оқыту және кәсіптік практика</p>	

ӨӨ. 00	Өндірістік оқыту		
ӨӨ. 01	<p>Слесарлық практикасы Слесарлық жұмыстарды ұйымдастыру. Технологиялық жабдықтарды пайдалану үшін қажетті слесарлық аспаптардың тізімін оқып білу. Тетік арматурасы: құрылысы, пайдалану ережесі, ақауларын анықтау. Слесарлық-құрастыру жұмыстары: ажырамайтын қосылыстарды құрастыру; ажырайтын қосылыстарды бөлшектеу мен құрастыру. Техникалық қызмет көрсету мен негізгі және қосымша жабдықтарды жөндеу кезіндегі слесарлық жұмыстар. Қыш өндірісінің жабдықтары: қолданысы жіктелуі, құрылысы, қызмет принципі, пайдалану ережесі, кездесетін ақаулар, олардың болу себептері мен жою әдістері. Жабдықтарды пайдалану қасиеті: түсінігі, сапасы, беріктігі жұмысқа қабілеттілігі, жөндеуге жарамдығы.</p>	<p>Іскерліктер: слесарлық жұмысты орындау үшін аспаптар мен жабдықтарды пайдалануды; белгілеуді; металды шабуды, түзетуді, июді, металды кесуді, металды егеулеуді, тетіктерді бұрғылауды және тетіктердегі бұранданы қиюды; тетіктер мен механизмдерді өндеудің оптималды режимін қолдануды. Дағдылар: технологиялық аппараттар, технологиялық процестер, тетік арматурасы, коммуникацияға қызмет көрсету кезіндегі қажетті слесарлық және слесарлық-жөндеу жұмыстарын орындауда; Слесарлық өлшеу аспаптарын қолдануда.</p>	КҚ 3.4.9
ӨӨ. 02	<p>Механикалық практикасы Жонғыш топтары станоктарында бөлшектерді өндеуге оқыту: сыртқы цилиндрлі және шеткі беттерді өндеу; бунақтарды жону және кесу; кеулейжону, ажарлау, сүргілеу, жонғылау.</p>	<p>Іскерліктер: білдектерге тетіктерді орнықтыруды және бекітуді; кескіш аспаптар мен жонғылағыштарды орнықтыру мен бекітуді; білдектердің басқару органдарын пайдалануды; тетіктерді өлшеу әдістерін қолдануды; білдектерге баптау жүргізуді; кесу аспабына таңдау жүргізуді; металл кескіш білдектерде жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережелерін</p>	КҚ 3.4.9

	Бағдарламалық басқару арқылы білдектерде жұмыс істеу.	сақтау мен өндірістік санитарияны. Дағдылар: металлкескіш білдектерде тетіктерді дайындауда және өңдеуде; кескіш аспаптарына қайрау жүргізуде.	
ӨО. 03	<p>Танысу практикасы Кәсіпорынның жұмыс тәртібі. Кәсіпорынның негізгі және қосымша цехтары, олардың тағайындалуы және технологиялық процесс. Негізгі цехтардың шикізаттары мен өнімдерінің сипаттамасы. Кәсіпорындағы негізгі қауіпті және зиянды факторлар. Кәсіпорынның технологиялық тізбегі (цехтардың өзара байланысы).</p>	<p>Іскерліктер: өндіріс пен цех орындарында қауіпсіз қозғалыс және жұмыс істеуді; жалпы кәсіптік және арнайы пәндерден алған білімдерін колдануды; технологиялық процесті талдауды; техникалық құжаттамалармен жұмысты; өндірістің цехтары арасындағы байланыстарды анықтауды. Дағдылар: кәсіпорын және цех орындарында қауіпсіз тәртіпті, кәсіпорында қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауда, технологиялық процестің негізгі қауіпсіз ережесін еңгізуде, цехтің құжаттамаларын жүргізгендегі алғашқы дағдыны қалыптастыруда.</p>	<p>БҚ 1-3,8 КҚ 3.4.1 КҚ 3.4.3</p>
КП. 00	Кәсіптік практика		
	<p>Алғашқы кәсіптік дағдылар қалыптастыру практикасы Жөндеуді, сынауды және өндірістік жабдықтарды қабылдаудың технологиясын оқып білу. Техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жүйесі. Жабдықтарды жөндеуге дайындау. Жабдықтарды пайдалану тәртібі мен ережесі.</p>	<p>Іскерліктер: жай механизмдер мен машиналардың техникалық қызмет көрсетуін іске асыруды, ауысымды қабылдау мен тапсыру журналын толтыруды, жабдықтарды жөндеуге дайындауды, жабдықтардың тетіктері мен механизмдеріне бөлшектеуді жүргізуді, жабдықтардың жылжымайтын қосылыстар механизмдерін бөлшектеу кезіндегі</p>	

<p>КП. 01</p>	<p>Жабдықтарды құрастырудың тәртібі мен ережесі. Құрастыру кезінде қолданылатын аспаптар мен құрылымдар. Өндірістік жабдықтарды реттеу. Өндірістік жабдықтардың тетіктерін, түйіндерін және механизмдерін жөндеу. Мойынтірек түйіні тетіктерін жөндеу. Шкивтер мен тежеуіштерді, жалғастырғыштарды жөндеу; тісті, бұрамдық, шынжырлы және белдікті беріліс тетіктерін жөндеу. Қозғалыстың механизмдерінің тетіктерін жөндеу. Базалық тетіктерді жөндеу. Пневмо және гидрожетек тетіктері мен түйіндерін жөндеу. Өндірістік жабдықтардың монтажи.</p>	<p>аспаптар мен құрылғыларды пайдалануды, жөндеудің әдістері мен тозған тетіктерді қалпына келтіру тәсілдерін, жабдықтардың жөнделген тетіктері мен механизмдеріне құрастыру жүргізуді, жөнделген және бапталған жабдықтарға жаттықтырулар жүргізуді.</p> <p>Дағдылар: бригададағы жұмыстарда, жабдықтарды ағымдағы жөндеуге дайындауда, жабдықтардың механизмдерін, түйіндерін бөлшектеуде; пневмо- және гидрожетек тетіктері мен түйіндерін жөндеу бойынша, жөнделген жабдықтардың механизмдері мен түйіндерін бөлшектеу бойынша жұмыстарды орындауда; жай машиналарды жинақтауда.</p>	<p>БК1-10 КҚ 3.4.1-3.4.5 КҚ 3.4.9</p>
<p>КП. 02</p>	<p>Өндірістік технологиялық практикасы Цехтағы (бөлімшелелердегі) технологиялық процестерді оқып білу, орта буын маманының дублеры есебінде жұмыс істеу.</p>	<p>Іскерліктер: өндірістік жабдықтардың техникалық қызмет көрсетуі мен жөндеу, пайдалануын жүргізуді; технологиялық параметрлерді талдауды; өндірісте қауіпсіздік техникасының күйін бағалауды; өндірістік-техникалық құжаттарды рәсімдеуді.</p> <p>Дағдылар: механизмдер мен машиналардың сызбасын оқуда, жабдықтарға жай жөндеу жүргізуде, жабдықтарға технологиялық бақылау мен жөндеуді ұйымдастыруда, жөндеудің құжаттарын енгізу мен рәсімдеуде,</p>	

		жабдықтарды жөндеу мен тексеру кестелерін құруда.	БҚ1-10 КҚ 3.4.1-3.4.9
КП. 03	Диплом алды практикасы, сонын ішінде дипломдық жобаны орындау Дипломдық жобаны орындау үшін ақпарат жинау, орта буын маманы бойынша жұмыс орнында тәжірибеден өту.	Іскерліктер: цехтың линейлік жетекшісінің міндеттерін орындауды; нормативтік- техникалық құжаттамалармен жұмысты; талдау нәтижелерін рәсімдеуді; іскерлік құжаттамаларды; жоспарлау құжаттамасында хабарлар болуды; еңбек төлем ақысына есептеу жүргізуді; цехтың шығындар сметасын талдауды. Дағдылар: линиядағы жетекшінің; өндірістік учаске ұжымының жұмыстарын ұйымдастыруда және нормативті-техникалық құжаттамалармен жұмыста.	БҚ1-10 КҚ 3.4.1-3.4.9

Пәндер циклдері және кәсіптік практика бойынша оқу бағдарламасының мазмұны (123405 3 Техник – технолог орта буын маманы)

Циклдің индексі (пән)	Пәннің, практиканың атауы және негізгі бөлімдері	Қалыптасатын білім, шеберліктер мен дағдылар	Қалыптасатын құзыреттер коды
ЖБП. 00	Жалпы білім беретін пәндер		
ЖГП. 00	Жалпы гуманитарлық пәндер		
ЖГП. 01	Кәсіптік қазақ (орыс) тілі Кәсіби тілдің ролі. Мамандық бойынша терминология. Кәсіби бағдардағы мәтіндерді оқу техникасы және аудармасы (сөздікпен), мамандық бойынша бағытталған тақырыпта диалог құру, әңгіме құрастыру.	Білімдер: мемлекеттік және орыс тілдерін, кәсіби бағыттағы мәтінді оқуды және аудару (сөздікпен) үшін қажетті лексикалық және грамматикалық минимумдарды білуді. Іскерліктер: кәсіптік лексиканы сауатты қолдануды, өзінің кәсіптік қызметінде қазақ және орыс тілдерінен алған білімдерін пайдалана алуды.	БҚ 1

ЖГП. 02	<p>Кәсіптік шетел тілі Мамандық бойынша іскерлік тілдердің негіздері: кәсіби лексика, фразеологиялық тіркестер мен терминдер. Кәсіби бағыттағы мәтінді аудару (сөздікпен) техникасы. Кәсіби қарым-қатынас.</p>	<p>Білімдер: кәсіби қатынастар үшін қажетті мамандық бойынша лексика-грамматикалық материалды. Іскерліктер: кәсіби бағыттағы қатынасқа және мәтінді оқу, аудару (сөздікпен) үшін қажетті грамматикалық минимумдарды қолдануды.</p>	БҚ 1
ЖГП. 03	<p>Дене тәрбиесі Маманды дайындаудағы дене тәрбиесінің ролі, оның салауатты өмір салтындағы маңызы. Дене тәрбиесінің әлеуметтік – биологиялық және психо-физиологиялық негіздері. Өзін-өзі жетілдірудің физикалық және спорттық негіздері: ақыл-ой және физикалық жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ететін дене тәрбиесінің құралдары.</p>	<p>Білімдер: салауатты өмір салтының негіздерін, ұйықтау тәртібін және физикалық жүктемені, дұрыс тамақтануды. Іскерліктер: денсаулықты нығайту үшін, өмірлік және кәсіби табыстарға жету үшін дене тәрбиесі-спорттық қызметті пайдалануды, және дене тәрбиесін өзіндік жетілдіруді.</p>	БҚ 7
ЖГП. 04	Қазақстан тарихы		БҚ 2
ӘӘП. 00	Әлеуметтік-экономикалық пәндер		
ӘӘП. 01	<p>Мәдениеттану Мәдениет түсінігі. Мәдениет және өркениет. Мәдениеттің формасы мен түрлері. Әлемнің негізгі тарихи мәдени орталықтары. Қазақстан аумағындағы мәдениеттер мен өркениет. Түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның тарихи мәдениеті. Қазіргі кезеңдегі Қазақстанның ғылымы мен мәдениеті. Діннің мазмұны және оның ролі. Діннің тегі және оның түрлері. Ислам мен христианның негізгі жағдайы.</p>	<p>Білімдер: түсінігін, мәдениеттің формасы мен атқаратын қызметін, негізгі дүниежүзілік өркениеті, әлемдік діндердің, Қазақстан халықтарының мәдениетін және олардың одан әрі даму болашағын. Іскерліктер: мәдениет дамуының негізгі кезеңдерін қазіргі заманғы мәдениет процестерімен салыстыруды.</p>	БҚ 2
		<p>Білімдер: ғылыми түсінудің негізгі</p>	

<p>ӘӘП. 02</p>	<p>Философия негіздері Философия және оның қоғамдағы ролі. Философияның тарихи түрлері. Болмыс. Материя. Диалектика оның альтернативасы. Қоғамдағы философиялық түсінік. Қоғам өздігінен дамитын жүйе. Адам болмысы философия мәселелері ретінде: жеке тұлға, бостандық және жауапкершілік. Сана сезім бұл шағылысу және қызмет, таным және шығармашылық. Философияның өнегелі мәселелері.</p>	<p>әдістерін; диалектика заңдары мен дәрежелерін; болмыстың түрлерін; сананың құрылымы мен қасиеттерін. Іскерліктер: әлеуметтік және кәсіптік жағдайларды диалектиканың заңдары мен дәрежелері көзқарасында талдауды; арнайы пәндерді оқу кезінде және практикалық оқуда ғылыми таным әдістерін қолдануды; жаратылыстану ғылымдарын және арнайы пәндерді оқыған кезде салыстырмалық теорияны қолдануды; өз тіршілік әрекетінде әдеп пен болмыс ұғымдарын қолдануды.</p>	<p>БҚ 2</p>
<p>ӘӘП. 03</p>	<p>Экономика негіздері Қазақстан Республикасындағы экономикалық жағдай. Экономика және оның негізгі проблемалары. Микроэкономика. Ресурстар. Нарықтық бағаның құрылу механизмі. Бәсекелестік. Фирма қызметінің экономикалық негіздері. Монополияға қарсы реттеушілік. Халық табысы. Әлеуметтік-экономикалық проблемаларды реттеу. Макроэкономика. Ел экономикасының құрылымы. Қаржы. Несие-ақша және салық жүйесі. Инфляциялық процестер. Жұмыссыздық. Экономикалық өсімнің жағдайлары. Қазақстан экономикасындағы микро және макроэкономикалық мәселелер. Еңбектегі</p>	<p>Білімдер: экономикалық теорияның жалпы ережелерін, Қазақстандағы экономикалық жағдайлардың негізгі кезеңдерін; елдің экономикалық құрылымын, әлеуметтік-экономикалық мәселелерін реттеудің кезеңдерін. Іскерліктер: аймақ пен ел масштабындағы ағымдағы әлеуметтік экономикалық жағдайларды бағалауды; саладағы экономикалық жағдайларды талдау үшін</p>	<p>БҚ 6</p>

	халықаралық бөлу. Сауданың әлемдік нарығы, қызмет көрсетуі және валюта. Бизнес негіздері.	қажетті ақпараттарды іздеп табуды және пайдалануды.	
ӘЭП. 04	<p>Саясаттану және әлеуметтану негіздері</p> <p>Әлеуметтану түсінігі мен дәрежесінің негіздері. Әлеуметтік және этноұлттық қатынастар. Жеке тұлға субъектілерімен объектілердің қоғамдық қатынасы. Қоғамның әлеуметтік құрылымы. Әлеуметтік дау - жанжалдарды шешу механизмі. Саясаттанудың түсінігі мен дәрежесінің негіздері. Саясат және саяси билік. Саясат жүйесі. Мемлекет - саясат жүйесінің негізгі түйіні. Саяси партиялар және қозғалыс. Халықаралық сыртқы саяси қызмет және дүниелік саяси процес.</p>	<p>Білімдер: саясаттану мен әлеуметтанудың негізгі түсінігі мен дәрежесіні, саяси режимдерін, Қазақстандағы негізгі саяси партияларды және әлемдік қауымдастық; әлеуметтік дау-жанжалдардың себептерін. Іскерліктер: қоғамдық қарым қатынастарды салыстыру мен талдаудың, олардың дамуына субъектік және объектік көзқарасында қарауды.</p>	БҚ 2
ӘЭП. 05	<p>Құқық негіздері</p> <p>Құқық: ұғымы, жүйесі, қайнар көздері. Қазақстан Республикасының Конституциясы - құқық жүйесінің ядросы. Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы. Жеке тұлға, құқық, құқықтық мемлекет. Заң жауапкершілігі және оның түрлері. Негізгі құқық салалары. Қазақстан Республикасының сот жүйесі. Құқық қорғау органдары.</p>	<p>Білімдер: адамдар мен азаматтардың құқығы және бостандығын; кәсіптік қызмет шеңберінде құқықтық-этикалық және өнегелі нормаларды білуді. Іскерліктер: маманның кәсіби қызметі регламентіндегі нормативтік-құқықтық құжаттарды пайдалануды.</p>	БҚ 4
ЖКП. 00	Жалпы кәсіптік пәндер		
		<p>Білімдер: құжаттардың қолданысын, құрам бөлігін, рәсімдеу ережесін; құжаттарды құру әдістерін және</p>	

ЖКП. 01	<p>Мемлекеттік тілде іс жүргізу Кұжаттар, олардың қолданысы және құжаттандыру әдістері. Құжаттама жүйесі, құжаттардың құрылысы. Іс жүргізуді ұйымдастыру және технологиясы. Істі ұйымдастырудың және құрудың тәртібі.</p>	<p>жүйесін; оргтехника құралдарын, жалпы сипаттамасын, оларды кәсіпорынның ұйымдастыруын және басқару процестеріне енгізуді және қолдануды. Іскерліктер: іскерлік қағаздар құруды: өтінішті, бұйрықтарды, қызметтік хатты және т.б., құжаттармен жұмысты ұйымдастыруды, тіркеуді, олардың есебін жүргізуді, қазіргі заманға сай оргтехниканы пайдалануды.</p>	БҚ 1 БҚ 10
ЖКП. 02	<p>Сызу БЖҚҚ түсінігі, БЖҚҚ және МС талабына сай сызуларды графикалық безендіру. Сызудың пішіні мен бағыты. Масштабы. Көлемін ендіру. Бөлшектерді жобалаудың орындалуын қабылдау. Проекциялық сызу және техникалық суреттеу. Техникалық бөлшектерді жобалау. Сызу геометриясының негізі: нүкте және түзу, беттік және дене, аксонометриялық проекциялар; өзгеріс проекциясының амалы, геометриялық денелердің кескіні, жоғары геометриялық денелерді өзара кескіндеу. Сызу, геометриялық және жобамен сызудың негіздері. Сызуларды орындаудың жалпы ережелері, түрлері, кесігі, кескіні, бөлшектерді белгілеумен кескіндеу, эскизі, мамандық бойынша сызулар, нормативті техникалық құжаттар, машина графиктердің әдістері мен құралдары.</p>	<p>Білімдер: конструкторлық құжаттардың бірыңғай жүйесін (БЖҚҚ), сызулармен эскиздерді орындаудың дағдысы мен ережесін, проекциялық сызулар мен сызбалық геометрияның негізін. Іскерліктер: қазіргі кездегі компьютерлік кестелік әдістермен мамандық бойынша сызбаларды оқуды, орындауды және формаға келтіруді.</p>	КҚ 3.5.4

ЖКП. 03	<p>Техникалық механика негіздері</p> <p>Статика. Статика аксиомалары. Күш жөнінде түсінік. Күшті анықтайтын элементтер. Күштің шамасын өлшеу. Күш жүйесі. Ауырлық центрі. Ауырлық центр қималарының ережесі. Қиманың геометриялық сипаттамасы. Тепе-теңдік орнықтылығы. Күш моменті. Ортадан тепкіш және ортадан тартқыш күштер. Материалдар кедергісі.</p> <p>Деформациялану жағдайының түрлері: созылу (сығылу), қозғалту, ширату, иілу, күрделі деформация. Беріктігіне есептеу, қатылығы және орнықтылығы. Динамика және кинематика элементтері. Нүкте қозғалысы түрлері. Жай дене қозғалысы. Ілгермелі және айналмалы қозғалыстың кинематикалық сипаттамасы. Жұмыс және күш. Пайдалы әрекет коэффициенті. Үйкеліс. Үйкелістің техникадағы ролі. Аксиомалар және динамика заңдары. Механизмдер мен машинаның тетіктері. Жай механизмдерді техникада қолдану. Беріліс түрлері. Беріліс қатынасы. Қозғалыстың қайта жаңару механизмдері: қосиінді-бұлғақ механизімі, бағдартқыш механизімі; олардың құрылысы мен қолданысы.</p>	<p>Білімдер: заңдылықтарын , дене қозғалысы мен нүкте қозғалысын; беріктікке есептеулер негізін; қатаңдықты, орнықтылықты; дененің айналмалы қозғалысы кезінде жолдың түзу бөлігіндегі жұмыс пен қуатты анықтауды; механизмдер ПӘК-ін, машина тетіктері негіздерін, олардың қосылысы мен берілісін; жай механизмдерді.</p> <p>Іскерліктер: механика заңдылықтарын есептер шығаруда қолдануды, беріктікке қатаңдыққа және орнықтыққа есептеулер жүргізуді; кинематикалық сызба нұсқа құруды және оқуды , олардың құрылым ерекшеліктерін талдауды.</p>	КҚ 3.5.1
		<p>Білімдер: Ом заңын, Кирхгоф заңдарын,</p>	

ЖКП. 04	<p>Электрониканың негіздерімен электротехника</p> <p>Тұрақты және айнымалы тоқтың электр тізбектері. Электрмагнитизм, электр өлшемдері, тұрақты және айнымалы тоқтың электр машиналары. Трансформаторлар. Электр жетек негіздері. Электр энергиясын беру және бөлу. Электроника: электрониканың физикалық негіздері. Электронды аспаптар. Электронды генераторлар және өлшегіш аспаптары.</p>	<p>тұрақты және айнымалы тоқтарды анықтауды, тізбектердің негізгі элементін, трансформаторлардың құрылысын және қызмет принципін, тұрақты және айнымалы тоқтың машиналарын, өлшеуіш аспаптарын жіктеуді және қызмет принципін. Іскерліктер: аспаптардың көрсеткішін алуды, электржабдықтарының принципті электр сызба-нұсқасын оқуды; Ом, Кирхгоф заңдарын пайдалана отырып тоқтың маңызын есептеуді, кернеуін, кедергіні есептеуді.</p>	КҚ 3.5.1 КҚ 3.5.3
ЖКП. 05	<p>Кремний химиясы</p> <p>Кремнийдің, кремний қос тотығының және кремний қышқылының қасиеті. Силикаттардың әртүрлілігі. Силикатты және қиын балқитын бейметалл материалдар мен заттар өндірісінде алынатын немесе қолданылатын кремний қосылыстары. Силицидтер, оларды алу мен қолдану. Кремнийорганикалық қосылыстар. Кремнеземның табиғи гидраттары.</p>	<p>Білімдер: кремнийдің негізгі табиғи қосылыстарын; кремний және оның қосылыстарының физикалық және химиялық қасиеттерін; өндірісте силикаттар алуды; табиғи және жасанды силикаттардың қолдану аймақтарын. Іскерліктер: заттардың формуласын, химиялық процестердің реакция теңдеуін құруда, есептік тапсырмаларды шешуде, маңызды силикатты қосылыстарға физикалық және химиялық сипаттамалар беруде.</p>	КҚ 3.5.1 КҚ 3.5.2
	<p>Қиын балқитын бейметалл және силикатты қосылыстардың физикалық химиясы</p> <p>Химиялық термодинамика және термохимия негіздері. Силикатты және қиын балқитын бейметалл материалдар мен бұйымдардың</p>	<p>Білімдер: силикаты материалдардың құрылыс ерекшеліктері мен қасиетін; химиялық процестер ағымының негізгі заңдылықтарын;</p>	

ЖКП. 06	<p>кристалдық құрылысы. Силикатты балқымалардың қасиеті. Шынытәрізді күйінің ерекшеліктері. Физикалық және фазалық тепе-теңдік негіздері. Дисперсті және коллоидты жүйелер қасиеті. Гетерогенді процестер реакциясының өту ерекшеліктері. Физика-химиялық процестерді қарқындатудың негізгі әдістері.</p>	<p>термодинамиканың заңдарын. Искерліктер: химиялық процестердің ағымының мүмкіндіктері туралы қорытынды жасауды, процестердің оптималды параметрлерін айқындауды.</p>	<p>КҚ 3.5.1 КҚ 3.5.2</p>
ЖКП. 07	<p>Жылу техника негіздері және жылу техникалық жабдығы Термодинамика, термодинамикалық процестер негіздері. Жылу күші қондырғылары. Жылу алмасу және жылу беру түрлері. Отынның жану процесі негіздері, жану процесі балансын құру. Жылуалмасу аспаптарын жіктеу. Жылуалмасудың жұмыс принципі мен қолданылуы. Кептірудің теориялық негіздері. Булану және кептіру қондырғыларының түрлері, қолданылуы және жұмыс принциптері. Күйдірудің теориялық негіздері. Материалдарды күйдіру үшін пештер. Қыш жартылай өнімдерін күйдіру үшін пештер. Жылу техникалық жабдықтардың жылу есептеу негіздері. Жылу техникалық жабдықтарды пайдалану. Отын-энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалану әдістері.</p>	<p>Білімдер: термодинамика заңдарын, жылуалмасу түрлерін; құрылыс материалдары өндірісінің негізгі жылу техникалық жабдықтарын; оны пайдалану әдістерін. Искерліктер: жану процесінің есептеулерін орындауды және балансын құруды; жылу техникалық жабдықтардың жылу есебін жүргізуді.</p>	<p>КҚ 3.5.1</p>

Құрылыс материалдарының жалпы технологиясы

Құрылыс материалдарының негізгі қасиеті. Табиғи тас материалдары: тау жыныстарын жіктеу, жанартау атқылауы, шөгінділі және метаморфиялық тау жыныстары. Табиғи тас материалдарын өңдеу мен қайта өңдеу. Тас материалдарын құрылыста қолдану. Қыш өндірісі. Шикізат материалдары. Қыш бұйымдары өндірісінің жалпы технологиялық сызбасы. Ғимараттардың фасадтарын қаптауда, ішкі қаптаулар үшін қыш бұйымдары, шатыр төбелері, санитарлы-техникалық керамика, отқа төзімді материалдар және т.б. Құрылыс материалдары және шыныдан жасалған бұйымдар: шикізат, негізгі технологиялық операциялар мен жабдықтар. Шыны балқымаларынан материалдар мен бұйымдар. Минералды тұтқыр заттар: гипсті тұтқыр заттар өндірісі, магнезитті тұтқыр заттардың, құрылыстық әк. Гидравликалық тұтқыр заттар. Цементтердің түрлері. Портландцемент өндірісі: шикізат пен химиялық қосылыстар, жалпы технологиялық сызба, физикалық және технологиялық қасиеттері, заттарды портландцемент негізінде қолдану. Бетондар мен құрылыс ерітінділері.

Білімдер: құрылыс материалдарының жіктелуін, физика-химиялық және технологиялық қасиеттерін, оларды қолдану саласын; құрылыс материалдарының шикізатын, үлгілік технологиялық сызбасын және жабдықтарын; технологиялық операциялардың мәнін. Іскерліктер: құрылыс материалдары өндірісінің принциптік технологиялық сызбаларын оқуды, шикізат пен дайын өнімге сипаттама беруді.

ЖКП. 08

БҚ 10
КҚ 3.5.1

	<p>Гипсті және гипсбетонды заттар. Полимерлер, полимерлі тұмшалауыштар негізіндегі құрылыс материалдары мен бұйымдар.</p> <p>Жылуоқшаулағыш және акустикалық материалдар мен бұйымдар: жіктелуі, қасиеті. Өндірістің негізгі технологиялық процестері.</p>		
ЖКП. 09	<p>Құрылыс ісінің негіздері</p> <p>Үйлер мен ғимараттар туралы жалпы мағлұматтар. Азаматтық, өндірістік ғимараттар мен кешендер. Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың негізгі құрылымдық элементтері . Үлкен-аспапбетті тұрғын және қоғамдық ғимараттар. Өндірістік ғимараттар. Өндірістік ғимараттардың құрылымдық элементтері . Кеңістіктік жабын ғимараттары. Инженерлік құрылыстар. Ғимараттардың инженерлік жабдықтарының элементтері.</p>	<p>Білімдер: материалдар мен құрылымдардың қызметі мен қасиетін; негізгі құрылыс материалдарының салыстырмалы тиімділігін: ағаштардың, болаттардың, алюминийдің, темірбетондардың, қыштардың, полимерлік талшықтардың және т.б.; үйлерді, ғимараттарды және құрылыстық құрылымдарды жіктеуді. Іскерліктер: ғимараттардың құрылымдық элементтерін сипаттауды; құрылыс материалдарын қолдануды негіздеуді.</p>	БҚ 10 КҚ 3.5.1
ЖКП. 10	<p>Стандарттау, метрология және өнім сапасын басқару негіздері</p> <p>Өнімнің сапасын жоғарлатудағы стандарттау мен метрологияның рөлі. Стандарттаудың құқықтық негіздері, мақсаттары, міндеттері, принциптері, құралдары мен объектілері. ТМД-ғы Мемлекет аралық стандарттар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттау жүйесі. Метрологияның негізгі түсініктері мен</p>	<p>Білімдер: метрологияның , стандарттаудың сертификаттау мен өнімнің сапасын басқарудың негізгі түсініктерін; сапа көрсеткіштерін және оларды бағалау тәсілдерін.</p>	

	<p>анықтамалары. Мемлекеттік метрологиялық бақылау мен байқау. Өнімнің сапасы, сапа көрсеткіштері және оларды бағалау тәсілдері; өнімді сынау мен бақылау. Сертификаттаудың мәні мен мазмұны. Халықаралық сертификаттау.</p>	<p>Іскерліктер: кәсіби қызметте сапа жүйесінің негізгі принциптері мен құжаттарын қолдануды; өлшеу қателіктерін есептеуді және өлшеу құралдарын таңдауды.</p>	<p>КҚ 3.5.3 КҚ 3.5.8</p>
ЖКП. 11	<p>Қолданбалы информатика Алгоритімдер жөніндегі негізгі түсініктер, алгоритімнің негізгі құрылысы. Бағдарламалау негізін оқу, файлдар. Файлдармен жұмыс. Графика. Бағдарламаны жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша міндеттерді шешу үшін және курстық жұмыстарды орындау үшін қолдану.</p>	<p>Білімдер: алгоритімдеуді және бағдарламалау негіздерін, технологиялық есептер шығару үшін қолданбалы бағдарламамен қамтамасыз етуді, сызбалар мен сызба-нұсқаларды құруды. Іскерліктер: үлгідегі технологиялық және техникалық есептеулерді жүргізуді, компьютерде сызбаларды жасауды.</p>	<p>БҚ 3 КҚ 3.5.4 КҚ 3.5.6</p>
ЖКП. 12	<p>Менеджмент негіздері Әртүрлі ұйымдастырушылық-құқықтық формалардағы ұйымдарды басқарудың мақсаты және міндеттері. Менеджмент қызметі. Қызметкерлерді басқару. Ұйымның ішкі және сыртқы ортасы. Еңбектің мотивациялар жүйесі. Іскерлік қарым-қатынас этикасы. Менеджмент психологиясы. Менеджмент жүйесіндегі маркетинг.</p>	<p>Білімдер: кәсіпорынның ішкі және сыртқы орта сипаттарын; басқару қызметін, басқару принциптерін, кәсіпорынның ұйымдастырушылық құрылымдық моделдерін; басқару стилін, жанжалды жағдайларды шешу тәсілдерін; топтардың жұмыс қарқындылығына әсер ететін факторларды; құқықтық реттеуді; маркетингтің қызметі мен принциптерін. Іскерліктер: басқарудың әдістері мен принциптерін практикада қолдануды, кәсіпорын құрылымын жобалауды; басқару стилін таңдау моделдерін анықтауды;</p>	

		жұмыс уақытын тиімді пайдалануды анықтауды; ұжымдағы іскерлік және жеке өз басылық қатынастарға баға беруді.	БҚ 4 БҚ 5
АП. 00	Арнайы пәндер		
АП. 01	<p>Еңбекті қорғау және өнеркәсіп экологиясының негіздері</p> <p>Еңбекті қорғау бойынша заңдылықтар және бақылау органдары. Қауіпсіздік техникасы. Өндірістік жарақат жағдайларын тіркеу тәртібі және ережелері. Өндіріс алаңдары мен цехтарындағы қауіпсіздік техникасы бойынша шаралар. Қыш өндірісіндегі техникалық және аппараттық қауіптілік көздері. Негізгі шикізаттардың, жартылай өнімдердің, дайын өнімдердің, шығындылар мен төгінділердің уландырғыш, өрт және жарылғыш қауіпті заттардың сипаттамасы. Өндірістік санитария және еңбек гигиенасы. Негізгі профилактикалық және қорғану шаралары. Өртке қарсы шаралар. Өртке қарсы құрылғылар, аспаптар мен дабыл беру, өрт сөндіру құралдары. ҚР экологиялық кодексі. Өндірістегі ақаба суларды газды ауа ортасымен ластаудың негізгі көздері. Қыш өндірісіндегі экологиялық проблемеларды шешудің жолдары. Қыш өндірісіндегі газға қалдықтары мен ақаба суларды тазарту әдістері. Қалдықтарды қайта өңдеу мен пайдалану.</p>	<p>Білімдер: кәсіби қызмет саласында еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету ерекшеліктерін; өндірісте еңбекті қорғаудың құқықтық, нормативтік және ұйымдастырушылық негіздерін; улы заттардың адам ағзасына әсерін; шектеулі рауалы концентрацияларды (ШРК және) жеке қорғану құралдарын; өрт болған жағдайды және жарылысты ескерту шараларын; техногендік процестердің қоршаған ортаға әсерін. Іскерліктер: жеке қорғану құралдарын қолдануды, зардап шеккен адамға алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуді; қызметкерлер мен қоршаған орта үшін өндірістік жағдайлардың қауіптілік дәрежесін бағалауды.</p>	

	Кәсіпорында табиғатты қорғау қызметін ұйымдастыру.		БҚ 8 БҚ 9
АП. 02	<p>Химиялық өндірістің технологиялық процестерін автоматтандыру негіздері</p> <p>Өндірістік процестерді автоматтандыру туралы негізгі түсініктер. Қыш өндірісінің негізгі технологиялық параметрлерін бақылау және бақылау-өлшеу аспаптары.</p> <p>Блокировка жүйелері, дыбысты және жарықты сигнал берулер.</p> <p>Технологиялық процестерді басқару кезіндегі микропроцессорлық техникасы.</p> <p>Технологиялық процестерді автоматты басқарудың үлгідегі жүйелері.</p>	<p>Білімдер: бақылаудың автоматты құралдар құрылысын, реттеуді, қорғаулар мен блокировкаларды, агрегаттар мен машиналардың жеке түйіндерінің автоматтандыру сызба-нұсқасын; автоматтық басқару жүйелерінің үлгідегі басқару сызба-нұсқасын; технологиялық параметрлерді бақылаудың әдіс-тәсілдерін.</p> <p>Іскерліктер: бақылау-өлшеуіш аспаптарды белгілі бөлімге орнатып қолданудың технологиялық сызба-нұсқасын; қашықтықтық беріліс жүйесінің жұмысын талдауды; функционалды сызба-нұсқаны оқуды, автоматтандыру жүйесін реттеудің (АЖР) құрылыс сызбасын құруды.</p>	КҚ 3.5.1 КҚ 3.5.3
АП. 03	<p>Құрылымдық материалдар</p> <p>Химиялық өндірістің аспаптары мен машиналарының құрылымдық материалдары туралы негізгі мағлұматтар. Құрылым материалдары туралы жалпы мағлұматтар. Құрылым материалдарын таңдау. Механизмдер мен машинаның негізгі тетіктері. Химиялық машинажасаудың материалдары. Химиялық машинажасаудың қара,</p>	<p>Білімдер: химиялық машина жасау материалдарын жіктеуді; қасиетін және қолданысын; технологиялық процестің үлгілік жабдықтарының құрылым материалдарының қасиетін.</p>	КҚ 3.5.1

	<p>түсті металдары және құймалар. Химиялық кәсіпорындарда қолданылатын бейметал материалдары. Технологиялық процестердің негізгі жабдықтары. Химиялық процестер үшін жабдықтар. Химиялық жабдықтардың негізгі түйіндері және тетіктер. Құбырлар және құбыртасымалдаушы тетіктер. Тиек арматурасы. Жабдықтарды құрастыру.</p>	<p>Іскерліктер: процесті аппараттық рәсімдеу кезіндегі құрылым материалдарына таңдау жүргізуді; қыш өндірісі жабдықтарының түйіндері мен тетіктері үшін құрылым материалдарын таңдауға негіздеуде.</p>	
<p>АП. 04</p>	<p>Құрылыс қыш өндірісінің технологиясы және жабдығы Қыш өндірісін дамытудың болашақтары мен жағдайы. Құрылыстық қыш бұйымдары. Жіктелуі мен негізгі қасиеттері. Қыш технологиясындағы шикізат материалдары. Шикізатқа қойылатын талаптар. Қыш технологиясындағы негізгі процестер. Шикізат материалдарын дайындау. Қыш бұйымдарын қалыптау әдістері. Қыш бұйымдарын кептіру, оны қарқындату әдістері. Қыш бұйымдарын күйдіру, жабысу механизмдерін, күйдіру үшін жабдықтар. Қыш тақталар өндірісінің технологиясы мен жабдықтары. Қыш құбырлар өндірісінің технологиясы мен жабдықтары. Жылуоқшаулағыш қыш бұйымдары өндірісінің технологиясы мен жабдықтары.</p>	<p>Білімдер: қыш материалдарының негізгі түрлері мен әр түрлілігін, олардың құрамын және құрылыстық-техникалық қасиетін; қыш технологиясының теориялық жағдайлары мен физика-химиялық негіздерін; қыш технологиясының кезеңдері мен негізгі технологиялық процестердің іске асу әдістерін; бастапқы шикізаттың ерекше қасиеттерін ескере отырып жіңішке және құрылыс қыш өндірісінің негізгі технологиялық процестерін қолайлылау әдістерін; қышты қалыптау, кептіру және күйдіру процестерінің физика-химиялық негіздері мен заңдылықтарын; шикізат материалдарының кірісін бақылаудың қазіргі кездегі әдістерін, технологиялық процестердің негізгі кезеңдерінің технологиялық параметрлерін, дайын өнімнің сапасын.</p>	<p>КҚ 3.5.1 – 3.5.6</p>

	<p>Санитарлық-құрылыс бұйымдарының өндірісі. Жасанды кеукті толықтырғыштар өндірісінің технологиясы мен жабдықтары. Бұйымдардың сапасын бақылауды ұйымдастыру. Ақаудың түрлері. Қыш тақталарын сұрыптау мен қаптау.</p>	<p>Іскерліктер: үлгілік компьютерлік бағдарламаларды қолданып технологиялық есептеулерді орындауды; құрылыстық қыш технологиясы саласында белгіленген тақырып бойынша ғылыми және техникалық акпараттарды іздеуді жүргізуді.</p>	
АП. 05	<p>Өндірісті техникалық талдау және бақылау Өндірістегі техникалық талдаудың ролі. Талдаудың түрлері: таңбаланған, экспрессті, бақылаулық және арбитражды. Стандарттау үлгілері. Қыш өндірісіндегі талдаудың физика-механикалық, химиялық және аспаптық әдістері. Балшық шикізатын талдау. Құрамын зерттеу. Шикізат тығыздығын анықтау. Балшықтың түйіршікөлшеу құрамын анықтау. Балшық шикізатының минералдық түрін анықтау. Балшық шикізатының илемділігін анықтау. Балшық шикізатының байланыстыру қабілеттілігін анықтау. Балшықтың кептіргіш қасиетін зерттеу. Ауада, отта және толығымен шөгуін анықтау. Балшықтың ісіну коэффициентін анықтау. Құрылыс қыш бұйымдарының механикалық беріктігін анықтау.</p>	<p>Білімдер: талдаудың түрлерін, стандарттық үлгілердің қолданысын және МС-дың, шикізат, жартылай өнім және дайын өнімдерді талдаудың негізгі әдістерін; шикізат материалдарының кірісін бақылаудың қазіргі кезгі әдістерін; қыш материалдарының физика-механикалық, қышты және қолданылушылық қасиеттерін сынаудың әдістерін. Іскерліктер: МС-мен жұмыс істеуді, орта сынама іріктеуін жүргізуді; су талдауды; газ талдауды, шикізат және реагенттерді талдау, қышты физика-химиялық талдауды.</p>	<p>КҚ 3.5.2 КҚ 3.5.3 КҚ 3.5.5</p>
		<p>Білімдер: химиялық өндіріс простерінің экономикалық мәні; кәсіпкерлік қызметті</p>	

<p>АП. 06</p>	<p>Өндірісті жоспарлау мен ұйымдастыру Кәсіпорынды ұйымдастыру түрлері, олардың ұйымдастырушылық және өндірістік құрылымдары. Өндіріс түрлері; олардың сипаттамасы. Негізгі өндірістік және технологиялық процестер. Негізгі және айналмалы қаражаты. Еңбек ресурстары. Ұйымдастыру, нормалау және еңбек төлемақы. Өнімнің өзіндікқұны. Бағаның құрылуы. Ұйымның тиімді қызметін бағалау. Өнімнің сапасы мен бәсікегеқабілеттілігі.</p>	<p>тиімді ұйымдастыруды; жұмыстың ұйымдастырылуын және кәсіпорын құрылысын, жұмыс істеп жатқан өндірістің жағдайындағы кәсіпорындағы түрлі кәсіптердің жұмысын, еңбекті ұйымдастыруды; өнімге бағаның құрылу механизімін және қазіргі жағдайдағы еңбек төлемақы түрлерін. Искерліктер: кәсіпорынның экономикалық күйін талдау үшін қажетті ақпараттарды табуды және қолдануды; еңбек өнімділігінің берілген әдіс бойынша есептеу; еңбекақыны; өзіндікқұнды және өнімнің бағасын; ұйым әрекетінің тиімділігін бағалай біледі.</p>	<p>БҚ 6</p>
<p>ӨО және КП</p>	<p>Өндірістік оқыту және кәсіптік практика</p>		
<p>ӨО. 00</p>	<p>Өндірістік оқыту</p>		
<p>ӨО. 01</p>	<p>Зертханалық жұмыстар техникасы Химиялық зертханаларды ұйымдастыру. Зертханалық жабдықтар, аспаптар, химиялық ыдыстар. Техникалық және аналитикалық таразылар; химиялық ыдыстарды жуу және құрғату; химиялық</p>	<p>Искерліктер: түрлі қолданыстағы ыдыстарды айыра білуді және оларды пайдалануды; техно-химиялық және аналитикалық таразыларда жұмыс істеуді; қыздыру, салқындату, суалту, қатты қыздыру, кристалдау және кептіру процестерін жүргізуді; балқу және қайнау температурасын анықтау үшін аспаптарды пайдалануды, қатты және сұйық заттардың тығыздығын анықтай білу, анықтамалық кестелерді пайдалануды; жай зертханалық қондырғыларға монтаж және құрастыру жүргізуді.</p>	<p>КҚ 3.5.3</p>

	<p>зертханаларда қолданылатын негізгі операциялар мен тәсілдер ; өлшеу, сүзу, құрғату, ерітінділер дайындау. Улы зиянды заттармен жұмыс істеу.</p>	<p>Дағдылар: зертханалық жабдықтармен және химиялық ыдыстармен жұмыс істеуде; электрқыздырғыш және басқа аспаптарды, кептіру шкафтарын, муфелді пештерді пайдалануда; сүзу процестерін жүргізгенде, тұнбаны сүзгіште шаюда; Комовскийдің сорғысында жұмыс істегенде; заттардың салыстырмалы тығыздығын және үлес салмағын анықтауда; немергіштер және ареометрлермен жұмыс істегенде.</p>	
ӨО. 02	<p>Құрылыс материалдарын химиялық талдау бойынша практикум Құрылыс материалдарын талдау кезінде қолданылатын жаңа аналитикалық әдістердің негізгі ережелері. Комплексонметрлеу. Фотоколориметрлеу. Фотометрлік титрлеу. Потенциометрлік титрлеу . Амперометрлік титрлеу. Силикаттарды талдау. Қождарды талдау.</p>	<p>Іскерліктер: түрлі әдістермен құрылыс материалдарына жай талдау жүргізуді; талдау нәтижелерін өңдеуді. Дағдылар: іріктемелер таңдауда; әдістемелерге сәйкес дәл, ұқыпты сынамалар жүргізуде, стандарттармен жұмыстарда және олардың негізінде өнім сапасын бағалауда, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауда.</p>	<p>БҚ 10 КҚ 3.5.3</p>
	<p>Құрылыс қыш технологиясы бойынша практикум Күйдіруге дейінгі қасиеттер мен сипаттамалар. Материалдар мен бұйымдардың орташа сынамасын іріктеу ережесі. Шикізат материалдарының негізгі қасиетін анықтау: ылғалдылық, қатты қыздыру кезінде көлемінің азаюы, балшықтың илемділігі және т.б. Дәнді құрамын анықтау мен</p>	<p>Іскерліктер: әдістемелермен, МС-мен ТЖ–да</p>	

